

"Электрондық қаржы орталығы" акционерлік қоғамы іске асыратын мемлекеттік сатып алу веб-порталын пайдалану (қол жеткізу) қызметтерінің бағаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2026 жылғы 10 маусымдағы № 390 бұйрығы

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 24 сәуірдегі № 387 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 758-71) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес, "Электрондық қаржы орталығы" акционерлік қоғамы іске асыратын мемлекеттік сатып алу веб-порталын пайдалану (қол жеткізу) қызметтерінің бағалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік сатып алу және квазимемлекеттік секторының сатып алу заңнамасы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) ресми жариялау және Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасы Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына осы бұйрықтың қазақ және орыс тілдеріндегі көшірмесін жіберуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында алғаш ресми жарияланған күннен кейін орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аппарат басшысына жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейінгі он күнтізбелік күн өткен соң күшіне енеді және өзінің әрекетін 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таратады.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

М. Такиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Бәсекелестікті қорғау
және дамыту агенттігі

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

"Электрондық қаржы орталығы" акционерлік қоғамы іске асыратын мемлекеттік сатып алу веб-порталын пайдалану (қол жеткізу) қызметтеріне бағалар

№	Қызметтің атауы	Өлшем бірлігі	Шекті сома*	Бағалар**
1	Мемлекеттік сатып алу веб-порталын пайдалану (қол жеткізу) қызметі	вебпортал пайдаланушысы	1 миллион теңгеге дейін	3 170
2		вебпортал пайдаланушысы	10 миллион теңгеге дейін	31 695
3		вебпортал пайдаланушысы	100 миллион теңгеге дейін	63 391
4		вебпортал пайдаланушысы	1 миллиард теңгеге дейін	190 172
5		вебпортал пайдаланушысы	1 миллиард теңгеден жоғары	386 683

Ескерту:

* Қызметтер құны өтінімнің (қатысу үшін өнім беруші таңдаған лоттардың жоспарлы сомасынан) немесе жасасылған шарттың (шарттың жоспарлы сомасынан) ең жоғарғы құнымен анықталады, әрбір өтінім және шарт үшін шектеу бөлек әрекет етеді (төленген кезең ішінде берілетін өтінімдер мен шарттар саны шектелмеген). Қызмет үшін төлем жылына бір рет жүргізіледі, төлем жасалған күннен бастап он екі (12) айға есептеледі.

** Бағалар қосылған құн салығынсыз теңгемен көрсетілген, егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен өзгеше көзделмесе.